

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер» кафедрасы

**Н.А.ҚАЗБЕКОВ, С.Б.БАЛШИКЕЕВ, Г.М. ЖУМАТОВА.**

«Әлеуметтану» пәні бойынша СОӨЖ сабақтарына арналған

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер» кафедрасы

**Н.А.ҚАЗБЕКОВ, С.Б.БАЛШИКЕЕВ, Г.М. ЖУМАТОВА.**

«Саясаттану» пәні бойынша СОӨЖ сабақтарына арналған

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

(көлемі 2 кредит)

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

**ӘОЖ**

**Н.А.ҚАЗБЕКОВ, С.Б.БАЛШИКЕЕВ, Г.М. ЖУМАТОВА.** «Саясаттану» пәні бойынша  
СОӨЖ сабақтарына арналған әдістемелік нұсқаулар. – Қарағанды, КарМТУ баспасы,  
2016.

«Саясаттану» пәні бойынша СОӨЖ сабақтарына дайындалған әдістемелік  
нұсқаулар типтік бағдарлама мен оқу жоспарының талаптарына сәйкес және кредитті  
білім беру технологиясы арнасында жасалған.

Әдістемелік нұсқаулар Қарағанды мемлекеттік техникалық университеттің барлық  
мамандықтарының студенттері мен оқытушыларына арналған.

Пікір жазған:

**Университеттің Редакциялық – баспа кеңесі ұсынған**

©Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, 2016

## Кіріспе

Бүгінгі таңда әлемде, оның ішінде түбегейлі бетбұрыс жасап демократиялық, өзгерістерді іске асырып жатқан елімізде, саясаттың алатын орны ерекше. Себебі саясат әлеуметтік құбылыс. Ежелгі грек ойшылы Аристотель айтқанындай саясат ұжымда, мемлекетте өмір сүруге және басқа адамдар мен мемлекеттік институттармен араласуға «мәжбүр» болған адам табиғатының өзінде жатыр, адам өмір сүруінің ажырамас бөлшегіне айналды.

Саясат дегеніміз қазіргі замандық адамның қажеттілігі және сонымен бірге талап-тілегі, себебі саясат қоғам өмірінің барлық салаларындағы оның алуан түрлі іс-қимылдарының көрсеткіші болып табылады. Сондықтан да саясат туралы білім алу қоғамдағы өзінің алатын орны мен атқаратын рөлін түсінгісі, өз қажеттіктерін басқа адамдармен бірлесе отырып тиімді қанағаттандырғысы, оларды іске асырудың мақсаттары мен құралдарын тандап алуға ықпал жасағысы келетін әрбір адамның мүдделеріне сай келеді.

Бүгіндер әлем саясылыққа айналса, саясат әлемдік үдеріске айналды. Саясатты түсінбеу және оны бағаламау келеңсіз зардаптарға ұрындырады, адамзат тіршілігінен шеттеп қалуға, ал ең қиын жағдайларда саяси сауатсыздық, одан хабардар болмау қоғамдық тұрақсыздыққа апарып соғады. Қазірдің өзінде де халқымыздың саясат пен саяси жетекшілердің іс-әрекеттері жөнінде хабардар болып отыру қажеттіліктері өсе түсуде. Саяси процесстер, саяси жүйелер, саяси модернизация, демократияландыру реформасы, құқықтық мемлекет, билік, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар сияқты т.б. өзекті категорияларды оқытып үйрететін «Саясаттану» бүгінде әлемдік ғылым саналады. Саясаттану – әлеуметтік-гуманитарлық білім беру жүйесіндегі, әрі міндетті пәндер тізіміне енген маңызды оқу пәні – саяси сауатты мамандарды дайындауды әлемдік тәжірибе бізге міндеттейді. 1943 жылы ЮНЕСКО ұсынған саясаттану курсы қазіргі кезде әлемнің барлық жоғары оқу орындарында оқытылады.

Тәуелсіздік алғаннан соң Қазақстан Республикасы дербес сыртқы және ішкі саясатын жүргізуге қол жеткізіп халықаралық қатынастардың танымал субъектісіне айналды, халықаралық ұйымдардың мүшесі ретінде көптеген саяси, экономикалық, гуманитарлық жобалардың белсенді бастаушысы.

Бүгінде қоғамдық өмірдің барлық салаларын реформалау мен жаңарту жолдарын іздеу, саяси жүйені демократияландыру, құқықтық мемлекетті құру мен азаматтық қоғамды қалыптастыру, тұрғындардың саяси белсенділігінің өсуі жалпы қоғамдық және саяси сананы, жеке алғанда саяси мәдениетті барынша жоғары деңгейге шығуды талап етеді. Бұл өз кезегінде, саясат туралы ғылымды дамытуды және болашақ мамандардың оны оқып үйренуін талап етеді.

Осыған сәйкес «Саясаттану» курсының оқытудың **мақсаты** – студенттердің бойында саясаттанудың пәні мен әдістері, саяси ойдың эволюциясы, саяси өмірдің заңдылықтары, саяси үрдістердің тенденциялары және оның жекелеген елдер мен жаһандық деңгейлердегі жүзеге асу ерекшеліктері туралы негізгі ғылыми білімдерді;

саяси шынайылыққа бейімделуге көмек, белгілі бір саяси құбылыстар мен жағдайларға қатысты бағалаудың ғылыми тәсілдері, саяси ойлаудың және мінез құлықтың нормалары; саяси тұжырымдары және әдістерін ескере отырып өздерінің кәсіби мәселелерінің шешімдерін табуға қажетті шығармашылық білімдермен қаруландыру.

Сондықтан, «Әлеуметтану» пәні бойынша СОӨЖ сабақтарына дайындалған әдістемелік нұсқаудың міндеті келесі мәселелермен байланысты: осы пән бойынша СОӨЖ мазмұнын, курсты терең меңгерудің әдістерін көрсету, студенттерге әдістемелік материалдар мен оқулық әдебиеттер туралы толық ақпарат беру.

СОӨЖ көлеміндегі тапсырмаларды орындау студенттер ғылыми зерттеудің негізгі әдістерін білуі, ғылыми жұмысты жоспарлауды меңгеруі тиіс; ғылыми – анықтамалық аппаратты дұрыс өңдеу. Ол үшін студент курс бағдарламасына сәйкес келетін барлық тақырыптарды оқуға міндетті.

Типтік бағдарлама мен оқу жоспарына сәйкес «Әлеуметтану» пәнінің барлық мазмұны СОӨЖ жұмыстарында қарастырылып оның келелі мәселелері жан-жақты талқыланады. Студенттердің алған білімдерін бекіту мен жетілдіру міндетін атқаруда СОӨЖ түрлі әдістемелік мүмкіндіктер береді: кестелерді толтыру мен дайындау, глоссаримен жұмыс істеу, тест жұмыстарын орындау, ғылыми терминтердің мағынасын анықтау, баяндамаларды талқылау, рефераттарды қорғау, тапсырмалар мен жаттығуларды орындау, презентация дайындау, ғылыми шолу жасау, шағын ғылыми жобаны орындау, ғылыми мақала бойынша кеңес алу, студенттік ғылыми конференцияға дайындық жүргізу т.б. Сондықтан, бұл курсты меңгеру студенттерден біліктіліктің келесі түрлерін талап етеді:

- өркениет тарихындағы саяси білімдердің дамуының негізгі этаптарын;
- қазіргі саяси ғылымдардың ғылыми бағыттары мен мектептерін;
- саясаттың субстанционалды негіздерін;
- қоғамның саяси өмірін;
- саяси жүйе мен оның институттарын;
- әлем мен елдегі саяси процестердің мәнін, ондағы мемлекеттің, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың орнын **білуді**;
- халықтар мен мемлекеттердің саяси өмірінің ерекшеліктерін талдау;
- қоғамдағы адамдар арасындағы қатынастарды саяси-құқықтық нормаларды көмегі арқылы реттеп, араласу, белсенді саяси қатысу дағдыларын **меңгеруді**.

## Пәннің тақырыптық жоспары

### Сабақтардың түрлері бойынша пәннің мазмұны:

№	Бөлімнің атауы (тақырыптар)	Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, с.			
		Дәрістер	Семинар сабақтары	СОӨЖ	СӨЖ
1	Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде. Саясат қоғамдық өмір құрылымында. Саясат субъектілері.	1	2	2	2
2	Өркениет тарихындағы саяси білімнің дамуының негізгі кезеңдері	2	2	4	4
3	Билік саяси феномен ретінде	1	1	2	2
4	Заманауи саяси жүйелер. Саяси режимдер.	1	1	2	2
5	Мемлекет және азаматтық қоғам	2	2	4	4
6	Саяси партиялар мен партиялық жүйелер, қоғамдық-саяси қозғалыстар және ұйымдар	2	2	4	4
7	Сайлаулар мен сайлау жүйелері	1	1	2	2
8	Саяси даму мен модернизация. 2050жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясы.	1	1	4	4
9	Саяси мәдениет пен саяси идеология. Саясаттағы конфликттік және дағдарыстық жағдайлар.	2	1	2	2
10	Әлемдік саясат және қазіргі замандық халықаралық қатынастар. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Егеменді Қазақстан. ҚР сыртқы саясатының негізгі басымдылықтары.	2	2	4	4
11	<b>Барлығы: 90 с.</b>	<b>15</b>	<b>15</b>	<b>30</b>	<b>30</b>

## **СОӨЖ сабақтары бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **Қолданатын әдебиеттер**

#### **Негізгі әдебиеттер**

1. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2007.
2. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қазақстан халқына жолдауы. Қаңтар 2014.
3. Президент Н.Ә. Назарбаев және қазіргі кездегі Қазақстан. II том. Н.Ә. Назарбаев және саяси реформалардың қазақстандық стратегиясы: үш томдық құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы., 2010. 280 б.
4. Президент Н.Ә. Назарбаев және қазіргі кездегі Қазақстан. III том. Н.Ә. Назарбаев және Қазақстанның сыртқы саясаты: үш томдық құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы., 2010. 340 б.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995ж. – Алматы, 2008.
6. Вебер М. Политика как призвание и профессия. Избр. произв - М., 1990
7. Жамбылов Д.А. Саясаттану: оқулық. -4 басылым. Алматы: Жеті жарғы, 2008
8. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.И., Исмағанбетова З.Н. Саясаттану: Оқу құралы. Алматы: Өлке, 2005.
9. Балғымбаев А.С. Саясаттану. Оқу құралы. – Алматы, 2003. – 302 б.
10. Қуандық Е.С. Саясаттану негіздері. Оқу құралы. – Астана: «Елорда», 2000.
11. Әбсаттаров Р.Б. Саясаттану – ғылым // Хабаршы. Қоғамдық және тарихи ғылымдар сериясы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2001, №2. –71-79 беттер
12. Саяси партиялар туралы. ҚР Заңы. Астана. 2004.
13. Современные демократические преобразования в Республике Казахстан/ Под ред. Б.К.Султанова. – Алматы, 2008.

#### **Қосымша әдебиеттер тізімі**

1. Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. Алматы, 2011.
2. Жамбылов Д.Ә. Тәуелсіздік және саяси сана. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. -160 б.
3. Жандәулетов Т. Қазақ ұлттық идеологиясы мәселелері. – Алматы, 2004, -164 б.
4. Белгибаев С.Т. Особенности политической элиты Казахстана // Саясат, 2002.-№2.
5. Джилас М. Лицо тоталитаризма. – М., 1992.
6. Қазбеков Н.А. Саяси билік. Оқу құралы, Қарағанды: Болашақ Баспа, 2012.
7. Қазбеков Н.А. Саяси мәдениет және саяси идеология. Оқу құралы, Болашақ Баспа, 2011. 120 б.
8. Қазбеков Н.А. Саяси технологиялар. Оқу-әдістемелік кешен. Болашақ Баспа, 2012.54 б.
9. Қазбеков Н.А. Саяси жүйелер мен режимдер. Оқу құралы, Қарағанды: Болашақ Баспа, 2010.
10. Қазбеков Н.А. Геосаясаттың теориялық негіздері. Оқу құралы, Қарағанды: Болашақ Баспа, 2007.
11. Қазбеков Н.А. Саяси процестер. Оқу құралы, Қарағанды: Болашақ Баспа, 2004.
12. Қазбеков Н.А. Ерте дүниелік және ортағасырлық араб-мұсылмандық Шығыстың саяси ойы. Оқу құралы, Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2004.
13. Саясатты талдау әдістері мен тәсілдері / Ағылшын тілінен аударған Б.Қ. Сәркеев. – Алматы, 2002.
14. «ҚР сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңы. Астана, 2007. (өзгерістерімен және толықтыруларымен 2009 ж.).
15. Моска Г. Правящий класс./ Социс. – 1994. №10.

16. Миллс Р. Властвующая элита. – М., 1959.
17. Мырзабекова А.Ш. Саяси элитология. Оқу құралы, Қарағанды: Болашақ Баспа, 2004.
18. Оксфорд қысқаша сөздігі. Саясаттану – Алматы: Қазақстан, 2001, - 424 б.
19. Поппер К. Ашық қоғам және оның жаулары. / Ауд. Т. Жандәулетов – Алматы, 2004.
20. Аристотель. Политика. Соч. в 4-х т. М., 1983.
21. Гоббс Т. Сочинения. М., 1998, т.1-2.
22. Макиавелли Н. Государь.- М., 1990.
23. Платон. Сочинения. М., 1994. Т.3.
24. Баласағұн Ж. Құтты білік - А-А, 1 986
25. Дюверже М. Политические партии - М., 2000
26. Дегтярев А.А. Основы политической теории. М. 1998
27. Дәрімбет Батырхан. Демократия мен автократия: Саяси өмір шежіресі - А., 2004
28. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2 бас. –Алматы: Жазушы, 1985.
29. Хан И.Г. Саясаттану. Оқу құралы. –Алматы, 2004. -174 б.
30. Шарль Луи Монтескье. Заңдар рухы туралы / Ауд. А. Құлсариева. – Алматы: Үш қиян, 2004. -784 б.
31. Руссо Ж.Ж. Қоғамдық келісім-шарт туралы немесе саяси құқық принциптері / Ауд. Б.Ж.Смағанбет – Алматы: Үш қиян, 2004. – 158 б.
32. Всеобщая декларация прав человека. Алматы, 1998.
33. Нысанбаев Н., Арын К, Машан М. Эволюция политической системы Казахстана- А. 2001
34. Токаев К.К. Дипломатия Казахстана - А., 2000
35. Маймақов Ғ.Қ. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. Алматы, 2000.
36. Саясаттану: Дәрістер жинағы. Рахымбаева А.С. Астана: Фолиант. 2009.



### **СОӨЖ көлеміндегі әдістемелік нұсқау:**

СОӨЖ көлеміндегі тапсырмаларды орындау студенттер ғылыми зерттеудің негізгі әдістерін білуі, ғылыми жұмысты жоспарлауды менгеруі тиіс; ғылыми – анықтамалық аппаратты дұрыс өңдеу. Ол үшін студент курс бағдарламасына сәйкес келетін барлық тақырыптарды оқуға міндетті.

## **СОӨЖ –ның әдістемелік материалдары**

### **№ 1- тапсырма тақырыбы: Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде. Саясат қоғамдық өмір құрылымында. Саясат субъектілері.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

**2. Сабақтың мақсаты:** Саясаттың мәні, субъектілері мен парадигмаларын, «Саясаттанудың» пәнін, зерттеу объектісі мен құрылымын анықтап қарастыру.

#### **3. Сабақтың түрлері:**

1. «Саясат – қоғамдық құбылыс», «Саясат қоғамдық өмірдегі ролі» «Саясат субъектілері» тақырыбында ғылыми баяндама дайындау және саяси терминдермен жұмыс жасау. Ол үшін терминдік сөздікті құрастыру.

2. Саясаттанудың әдіс тәсілдерін талдап, оның заңдылықтарын анықтау.

#### **4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Саяси ғылымның пәні және зерттеу объектісі.

2. Саяси ғылымның әдістері, міндеттері, құрылымы.

3. Саясаттанудың қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі орны мен маңызы.

4. Саясаттың түсінігі мен парадигмалары.

5. Саясаттың құрылымы және субъектілері.

6. Саясаттың түрлері, негізгі атқаратын қызметі.

7. Саясат субъектілері.

### **№ 2- тапсырма тақырыбы: Өркениет тарихындағы саяси білімнің дамуының негізгі кезеңдері**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

**2. Сабақтың мақсаты:** Саяси білімнің тарихи пайда болып дамуының негізгі кезеңдерін нақтылы қарастыру.

#### **3. Сабақтың түрлері:**

1. Әр түрлі тарихи кезеңдердегі саяси ойшылдардың және қазіргі саясаттанушылардың концепцияларымен танысу, олардың еңбектерін оқып, рефераттарды жасау.

2. «Саяси ғылымның пайда болуы және дамуы», «XX ғ екінші жартысы мен бүгінгі күнге дейінгі саяси ғылымның дамуы» және «Қазақстандағы саяси ойларының даму ерекшеліктері» атты тақырыптары бойынша бақылау жұмысын тапсыру.

3. Қазақ халқының саяси ой-пікірінің қайнар көздерін анықтап, оларға сипаттама беру.

#### **4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Ежелгі Шығыстың саяси-әлеуметтік көзқарастары.
2. Антикалық кезеңдегі саяси ойлар.
3. Ортағасырлардағы және Өркендеу дәуіріндегі саяси шешімдер.
4. Жаңа замандағы саяси көзқарастар.
5. 19-20-шы ғасырлардағы саяси идеялар мен теориялар.
6. Қазіргі замандағы саяси ғылымның даму деңгейлері.

#### **№ 3- тапсырма тақырыбы: Билік саяси феномен ретінде**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

**2. Сабақтың мақсаты:** Саяси биліктің табиғаты мен қайнар көздері, ресурстарын, оның легитимдігі мен бөліну принциптері және саяси элитаның ролін ашып қарастыру.

#### **3. Сабақтың түрлері:**

Саяси билік түсінігі, қайнар көздері мен ресурстарын анықтап конспект жазу.

Саяси биліктің легитимдігі, биліктің бөліну принциптері мен саяси элитаның ролі мен маңызы туралы баяндама дайындау.

#### **4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Саяси билік түсінігі, ғылыми анықтамалары және оның көрінісі.
2. Саяси биліктің қайнар көздері мен ресурстары.
3. Саяси және мемлекеттік билік, оның ерекшеліктері мен міндеттері.
4. Саяси биліктің легитимдігі және биліктің бөліну принциптері.
5. Саяси элита ұғымы және оның қоғамдағы ролі.

#### **№ 4- тапсырма тақырыбы: Заманауи саяси жүйелер. Саяси режимдер.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

**2. Сабақтың мақсаты:** Саяс жүйелер мен режимдердің түрлері мен мәнін ашып қарастырып, олардың ер

#### **3. Сабақтың түрлері:**

1. Тақырып бойынша студенттерге қазіргі әлемдегі әр түрлі елдердің саяси жүйелеріне, партиялық және сайлау жүйелеріне салыстырмалы талдау жасау.

2. Саяси режимдерді қарастырып оған презентация жасауды талқылау.

3. ҚР-да егеменділік пен демократияның қалыптасу кезеңдерін конспектілеу.

#### **4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Саяси жүйе түсінігі, мәні және теориясы.
2. Саяси жүйенің түрлері, құрылымы, қызметтері.
3. Саяси процесс түсінігі мен оның мәні.
4. Саяси режимнің мәні және түсінігі.
5. Тоталитарлы саяси режим.
6. Авторитарлық саяси режим.
7. Демократиялық саяси режим.

#### **№ 5- тапсырма тақырыбы: Мемлекет және азаматтық қоғам**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

#### **2. Сабақтың мақсаты:**

#### **3. Сабақтың түрлері:**

1. ҚР-ның – зайырлы, құқықтық, әлеуметтік, демократиялық мемлекет ретінде қалыптасып, халықаралық қатынастардың субъектісіне айналуын қарастыру.
2. Қазақстанда құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды қалыптастыру проблемалары бойынша пікір-талас өткізуге дайындалу.
3. Құқықтық мемлекеттің негізгі көріністері және принциптері жөнінде баяндама жазу.

#### **4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Мемлекеттің пайда болу теориялары және оның негізгі белгілері мен қызметтері.
2. Мемлекеттік құрылым және басқару түрі.
3. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет.

#### **№ 6- тапсырма тақырыбы: Саяси партиялар мен партиялық жүйелер, қоғамдық-саяси қозғалыстар және ұйымдар**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

#### **2. Сабақтың мақсаты:**

#### **3. Сабақтың түрлері:**

1. Саяси партиялар түсінігі және М. Дюверженің партологиясын талдау.
2. Қоғам өміріндегі саяси партиялардың қызметтері мен Қазақстандағы саяси партиялар қалыптасуын қарастырып анықтау.
3. Қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың ролі мен маңызын анықтау.

#### **4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Саяси партиялар түсінігі туралы түрлі көзқарастар.
2. М. Дюверженің партологиясы.
3. Қоғам өміріндегі саяси партиялардың қызметтері.
4. Қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар.
5. Қазақстандағы саяси партиялар қалыптасу мен дамуының ерекшеліктері.

#### **№ 7- тапсырма тақырыбы: Сайлаулар мен сайлау жүйелері**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

#### **2. Сабақтың мақсаты:**

#### **3. Сабақтың түрлері:**

1. Сайлау үрдісіне саяси ұйымдардың қатысу көріністерін атау және оларды талдау.
2. Сайлау технологияларын, сайлау науқанының стратегиясы мен тактикасын қарастыру.
3. Ақпараттық технологияларды қарастыру.

4. Саяси технология ұғымы, оның мәні және ерекшеліктері мен құрылымын анықтау.
5. Қазақстандағы парламенттік сайлаудың нәтижелерін талдап қарастыру.

**4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Сайлау саяси процестің түрі ретінде.
2. Демократиялық сайлаулар және оның принциптері.
3. Сайлау жүйелері және оның түрлері.

**№ 8- тапсырма тақырыбы: Саяси даму мен модернизация. 2050жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясы.**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

**2. Сабақтың мақсаты:**

**3. Сабақтың түрлері:**

1. Саяси даму мен саяси модернизация, глобалды даму тұжырымдарын сұрақ-жауап түрінде талдау .
2. 2050жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясын конспектілеу.
3. Адамзаттың ХХІ ғасырдағы жаһандық мәселелері бойынша пікір-талас өткізуге дайындалу.

**4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Саяси даму мен саяси модернизация теориялары.
2. Глобалды даму тұжырымдары.
3. 2050жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясы.

**№ 9- тапсырма тақырыбы: Саяси мәдениет пен саяси идеология. Саясаттағы конфликттік және дағдарыстық жағдайлар**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

**2. Сабақтың мақсаты:**

**3. Сабақтың түрлері:**

1. ҚР-да ұлттық идея мен мемлекеттік идеологияны қалыптастыру проблемаларына жазбаша және ауызша түрде талдау жасау.
2. Саяси сана, саяси мәдениет пен саяси идеология түрлерін конспектілеу.
3. Саяси конфликт және саяси дағдарыстың пайда болу факторларын талдау.

**4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Саяси мәдениет түсінігі және оның мәні.
2. Саяси мәдениет пен саяси идеология түрлері.
3. Саяси сана мен идеология және оның қоғамда атқаратын ролі.
4. Қазіргі саяси идеологиялардың түрлері мен ерекшеліктері.
5. Саяси конфликт және саяси дағдарыс.

## **№ 10- тапсырма тақырыбы: Әлемдік саясат және қазіргі замандық халықаралық қатынастар. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Егеменді Қазақстан. ҚР сыртқы саясатының негізгі басымдылықтары**

1. Тақырып бойынша ғылыми терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың мән-мағынасын қарастыру. Оқу материалдарын сұрақ-жауап және жазба түрінде өткізу.

### **2. Сабақтың мақсаты:**

### **3. Сабақтың түрлері:**

1. Әлемдік саясат түсінігін және халықаралық қатынастардың теориялық негіздерін айқындау.
2. Қазіргі замандағы геосаясат және жаһандық мәселелерді нақты қарастыру.
3. Қазақстанның сыртқы саясат принциптерінің басым бағыттарын айқындап конспект жазу.

### **4. Тапсырманың мазмұны:**

1. Әлемдік саясаттың түсінігі мен мәні.
2. Халықаралық қатынастар және олардың теориялық негіздері.
3. Қазіргі замандағы геосаясат және жаһандық мәселелер.
4. ҚР--сы дүниежүзілік қатынастар жүйесінде егемен мемлекет ретіндегі орны.
5. Қазақстанның сыртқы саясат принциптерінің басым бағыттары.

## **Межелік бақылау және қорытынды аттестация кезеңінде студенттердің білімдерін бақылауға арналған материалдар**

Кредиттік технология талаптарына сәйкес студенттердің оқу үдерісіндегі жетістік нәтижелерін тексеріп анықтау үшін бақылау түрлері және аттестациялау жұмыстары жүктеледі. Мұндай межелік бақылаулар аралық және қорытынды бақылауларды міндеттейді. «Әлеуметтану» пәнін зерделеп оқу барысында бақылаудың әр түрлері қолданылады:

- 1) рефераттарды қорғау – олардың мазмұны жағынан мағыналы болуын, зерделеген материалдарды жалпылап қорыта білуін, ғылыми материалдардың ішкі логикалық байланысын байқай білуін, өз позициясын дәлелдеу машықтығы мен дағдыларын тексеру мақсатында студенттердің білімдерін бақылау;
- 2) аралас бақылау – ұсынылған тақырыптама бойынша студенттердің білім деңгейлерін анықтап бағалау үшін ауызша және жазбаша жұмыс түрін бірге қолдану;
- 3) Тестілеу – пәннің жеке тақырыптары немесе бөлімдері бойынша сұрақтарға жауап берудің жазба түрімен бақылау.

### **Рефераттар тақырыптары**

1. Саясат – қоғамдық құбылыс.
2. Саясаттың қалыптасуы.
3. Саясаттың парадигмалары.
4. Саясаттану ғылым ретінде.
5. Ежелгі Қытайдың саяси-әлеуметтік ойы.
6. Ежелгі Үндінің саяси-әлеуметтік ойы.
7. Платон, Аристотельдің саясат, мемлекет туралы ілімдері.

8. Орта ғасырлық саяси ойдың дамуы.
9. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы еуропалық саяси ғылымның дамуы.
10. Әль Фараби, Ж.Баласағұн саяси-әлеуметтік көзқарастары.
11. «Жеті жарғы» - маңызды саяси-құқықтық құжат.
12. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары.
13. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси ойлар.
14. Биликтің легитимділігі.
15. Саяси биліктің қайнар көздері
16. Джон Локк пен Ш-Л. Монтескьенің - «Билікті бөлу идеясы».
17. Жан Жак Руссоның – «халық суверинитеті идеясы».
18. М.Вебердің легитимді билік және бюрократия туралы тұжырымы.
19. В.Парето.,Г. Москаның элита туралы тұжырымдары.
20. Саяси элитаның қоғамдағы ролі.
21. Лоббизм - саяси институт ретінде.
22. Қазақстанның саяси элитасының қалыптасуы мен ерекшелігі.
23. Саяси жүйе және оның жіктелу түрлері.
24. Саяси процесс және саяси жүйе: - өзара байланысы.
25. Тоталитарлы саяси режимнің сипаттамасы.
26. Авторитарлық саяси режим сипаттамасы.
27. Демократиялық саяси режим сипаттамасы.
28. Президенттік және парламенттік режимдер.
29. Саяси трансформация және саяси модернизация.
30. Мемлекеттің пайда болуы туралы концепциялар.
31. Мемлекеттің негізгі белгілері мен қызметтері.
32. Мемлекеттің басқару түрлері мен құрылымдық түрлері.
33. Азаматтық қоғамның сипаттамасы.
34. Президенттік және Парламенттік режимдер.
35. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғам қалыптасуының жолдары.
36. Саяси партиялар түсінігі туралы түрлі көзқарастар.
37. М. Дюверженің партологиясы.
38. Қоғам өміріндегі саяси партиялардың қызметтері.
39. Қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар.
40. Қазақстандағы саяси партиялар қалыптасу мен дамуының ерекшеліктері.
41. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы ролі мен маңызы.
42. Сайлау және демократиялық режим.
43. Мажоритарлық және пропорционалды сайлау жүйелері.
44. Сайлау – ерекше саяси күрес және саяси процесс.
45. Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесінің қалыптасу мен дамуы.
46. Саяси даму, саяси модернизация мен трансформация.
47. Саяси модернизация теорияларының даму кезеңдері.
48. Глобалды даму тұжырымдарының мәні.
49. Глобализация мен модернизация процестерінің арақатынасы.
50. Глобализация ұлттық мемлекеттер мәселесі.
51. Қазақстан Республикасындағы саяси жүйесінің трансформациясы.
52. Қазіргі Қазақстандағы саяси модернизация мәселелері.
53. Саяси сананың қызметтері мен деңгейлері.
54. Саяси мәдениет және оның түрлері.
55. Саяси идеологияның қоғамдық қызметтері.
56. Қазақстандық патриотизм және «Мәңгілік ел» идеясы.
57. Саяси конфликт және саяси дағдарыстың себептері.

- 58.Әлемдік саясат және халықаралық саясат.
- 59.Халықаралық қатынастар және оның субъектілері.
- 60.Қазақстанның сыртқы саясатының басты принциптері.

### **Бірінші аттестацияның бақылау сұрақтары**

1. Саясаттану ғылым ретінде. Саясаттанудың объектісі мен пәні.
2. Заманауи қоғамдағы саясаттанудың атқаратын қызметі.
3. Саясаттанудың әдістері.
4. Саясат түсінігі және түрлері.
5. Платонның саяси көзқарастары.
6. Аристотельдің саяси көзқарастары.
7. Ежелгі Қытайдың саяси ойы.
8. Арабтық ортағасырлық саяси ойлар. Әл-Фарабидің, Ж.Баласағұн саяси көзқарастары.
9. Еуропалық ортағасырдағы саяси ойлар (Августин Блаженный мен Фома Аквинскийдің көзқарастары).
10. Николло Макиавеллидің саяси көзқарастары.
11. Шарль Монтескьенің саяси көзқарастары.
12. Ежелгі Үндінің саяси ойы.
13. Марксизмнің тап туралы саяси тұжырымдамасы.
14. ХІХ ғасырдағы саяси ойлар (Г. Спенсер, Л. Гумплович).
15. А. Бентлидің «мүдделі топтар» теориясы.
16. И. Шумпетердің «Демократияның жаңа теориясы».
17. Р. Дальдің плюралистік демократия теориясы.
18. М. Вебердің мемлекеттік бюрократия теориясы.
19. Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары (Абай, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин).
20. ХХ ғасырдың басындағы қазақ либералды интеллигенциясының саяси көзқарастары (Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов).
21. Саясаттың табиғатын анықтаудағы негізгі тәсілдер.
22. Саяси қатынас ұғымы. Саяси қатынастың субъектілері мен объектілері.
23. Билік ұғымы және ол туралы негізгі тұжырымдамалар.
24. Саяси билік ұғымы және белгілері.
25. Саяси биліктің қызметтері.
26. Мемлекеттік биліктің белгілері. Мемлекеттік биліктің ресурстары.
27. Биліктің бөліну теориясының мәні (Джон Локк, Шарль Монтескье).
28. Легитимдік ұғымы. Легитимдікті құқықтық және прагматикалық ұғыну.
29. Легитимдіктің типтері.
30. Оппозиция ұғымы. Оппозицияның типтері.

### **Екінші аттестацияның бақылау сұрақтары**

1. Қоғамның саяси жүйесі ұғымы және құрылымы.
2. Қоғамның саяси жүйесінің қызметтері.
2. Қоғамның саяси жүйесінің типологиясы.
3. Г. Алмондтың саяси жүйені классификациялауы.
4. Егемендік жағдайындағы Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің даму кезеңдері.
5. Мемлекет ұғымы. Мемлекеттің белгілері.
6. Мемлекеттің қызметі.
7. «Қазақстан 2030» Стратегиясы кәсіптік мемлекетті қалыптастыру жайында.
8. Мемлекеттің пайда болуы жайындағы негізгі теориялар.
9. Мемлекеттік басқару формалары.
10. Мемлекеттік құрылым формалары.
11. Биліктің бөлінуі – құқықтық мемлекеттің принципі.

12. Саяси режим: ұғымы және типтері.
13. Демократиялық саяси режимнің негізгі сипаттамалары.
14. Авторитарлық саяси режим: ұғымы, белгілері.
15. Тоталитарлық саяси режим: ұғымы, белгілері, негізгі сипаттамалары.
16. Саяси партиялар ұғымы мен генезисі.
17. Саяси партиялардың қызметтері.
18. Саяси партиялардың классификациясы.
19. Партиялық жүйе туралы ұғым. Партиялық жүйенің түрлері.
20. ҚР саяси партиялардың орны мен ролі. ҚР негізгі партиялар.
21. Қоғамдық-саяси қозғалыстардың қоғамның саяси жүйесіндегі орны мен ролі.
22. Қазақстандағы парламентаризмнің дамуы.
23. ҚР Конституциясы жергілікті және өзін-өзі басқару органдары туралы.
24. ҚР Конституциясы атқарушы биліктің құрылымы мен қызметі туралы.
25. Демократия ұғымы. Демократияның белгілері.
26. Либералдық демократия моделі: ұғымы және белгілері.
27. Демократияның ұжымдық моделі: ұғымы және белгілері.
28. Демократияның плюралистік моделі: ұғымы және белгілері.
29. Тура (идентитарлы) демократия: ұғымы, сипаттамалары.
30. Репрезентативті (өкілдік) демократия: ұғымы, сипаттамалары.
31. Сайлау жүйесі ұғымы және оның түрлері.
32. Мажоритарлық сайлау жүйесінің негізгі сипаттамалары.
33. Пропорционалдық сайлау жүйесінің негізгі сипаттамалары.
34. Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі.
35. Саяси процесс: ұғымы және құрылымы.
36. Саяси процесс түрлері, олардың сипаттамалары.
37. Саяси сана: ұғымы, қызметтері.
38. Саяси мінез-құлық: ұғымы, түрлері.
39. Саяси процесс және саяси жаңғырту.
40. Саяси мәдениет: ұғымы, құрылымы.
41. Саяси мәдениеттің қызметтері.
42. Саяси мәдениеттің түрлері, негізгі белгілері.
43. Саяси элита ұғымы, атқаратын қызметі.
44. Элиталардың классикалық теориясы (Г. Моска, В. Парето).
45. Саяси көшбасшылықтың типологиясы.
46. Саяси көшбасшылықтың негізгі тұжырымдамалары.
47. Саяси болжау ұғымы, принциптері, типтері.

### **Студенттерді тестілік сұрақтармен бақылау**

1. Саяси мәдениет типіне байланысты саяси жүйелерді қандай түрлері ажыратылады:
  - А) Дамушы және кертартпа.
  - В) Ашық және жабық.
  - С) Демократиялық және автократиялық.
  - Д) Командалық және сайысқа (жарысқа) түсу.
  - Е) Ағылшын-американдық, континенталды-еуропалық, индустрия-ландыруға дейінгі (жартылай индустрияланған), тоталитарлық.
2. Мемлекеттің пайда болуын рулардың тайпаға, тайпалардың одан да үлкен қауымдастыққа, олардың одан әрі мемлекетке дейін бірігуінен деп түсіндіретін тұжырымдама:
  - А) Келісім-шарттық.
  - В) Психологиялық.



- C) Теократиялық.
- D) Әлеуметтік-экономикалық.
- E) Патриархалдық.

3. Азаматтық қоғам – бұл:

- A) Мемлекеттен дербес және тәуелсіз қоғамдық институттар мен қатынастардың жүйесі.
- B) Мемлекеттік органдар мен қатынастардың жүйесі.
- C) Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар.
- D) Партиялық жүйе.
- E) Сайлаушылардың ассоциациялары.

4. Авторитарлық қоғамда ашатын тыйымдардың сипаты:

- A) Барынша жариялылық.
- B) Биліктің бұйрығымен ғана рұқсат етілген.
- C) Саясатқа қатысы жоқ нәрсе ғана рұқсат етілген.
- D) Билік ауысуынан басқасының бәрі: рұқсат етілген.
- E) Заңмен тыйым салынғаннан басқа әң бәріне рұқсат.

5. Референдум азаматтардың билігін іс жүзіне асырудың қандай түріне жатады:

- A) Жабық.
- B) Өкілдік.
- C) Плебисцитарлық.
- D) Либералдық.
- E) Плюралистік.

6. Саяси партияларды олигархизациялау теориясының авторы:

- A) М. Дюверже.
- B) Д. Урвин.
- C) Р. Даль.
- D) Р. Михельс.
- E) У. Кларк.

7. АҚШ-та саяси ғылыми бірінші рет ресми статус алғаны белгілі Ол қашан болған?

- A) 1968
- B) 1857
- C) 1961
- D) 1948
- E) 1880

8. Тоталитаризмге тән белгілердің бірі:

- A) Бірпартиялық.
- B) Сайлау бостандығы.
- C) Биліктің бөлінуі.
- D) Ұқықтық мемлекет.
- E) Әлеуметтік мемлекет.

9. Мұрагерлік ретінде жоғарғы мемлекет билікті бір қолға берудің түрі:

- A) Монархия.
- B) Федерация.
- C) Конфедерация.
- D) Унитарлық мемлекет.
- E) Республика.

10. Атқарушы қызметті атқаратын билік институты - ол:

- A) Үкімет.
- B) Парламент.
- C) Сот.
- D) Мәжіліс.
- E) Маслихат.

11. Президенттік республиканың белгісі ол -

- A) Үкімет президент алдында жауап береді және оны тағайындау соның қолында болатын саяси жүйе.
- B) Үкімет монархтың алдында жауап беретін саяси жүйенің түрі.
- C) Үкімет парламент арқылы тағайындалатын саяси жүйенің түрі.
- D) Саяси жүйенің коллективтік өмір сүру түрінде үстемділік етуі.
- E) Күштеу әдістеріне жақын саяси жүйенің түрі.

12. О. Тоффлердің пікірінше, билік ресурстарының қандай түрлері қазіргі кезде әлемде ерекше маңызға ие бола бастады:

- A) Экономикалық.
- B) Әлеуметтік.
- C) Білім мен ақпарат.
- D) Мәжбүрлеу.
- E) Нормативтік.

13. Жеке адамның не топтың саяси мінез-құлқын саяси ғылымда зерттейтін әдісі – ол:

- A) Антропологиялық.
- B) Құрылымдық – міндеттілік.
- C) Психологиялық.
- D) Бихевиористік.
- E) Реляционистік.

14. Мемлекеттің унитарлық құрлымына жататын ел – ол:

- A) Ресей.
- B) Қазақстан.
- C) АҚШ.
- D) Канада.
- E) Индия.

15. Азаматтық қоғамның ерекше белгілерін қандай жағдай анықтайды:

- A) Патернализм.
- B) Мемлекеттің экономикалық болмысы.
- C) Әлеуметтік, экономикалық, рухани проблемаларын жүзеге асыруда индивидтердің мемлекетке тәуелсіз ретінде саяси емес салалардың, ассоциациялардың ерікті түрде құрлуы.
- D) Меншікке мемлекеттің монополиясы.
- E) Қарулы күрес әдістеріне мемлекеттің монополиясы.

16. Авторитаризм дегеніміз:

- A) Тұлғалар мен қоғамның саяси емес саласындағы автономиясын сақтайтын, саяси оппозицияға жол бермейтін, билікке бір адам немес бір топ адам келетін тәртіп.

- В) Біртұтас мемлекет шеңберіндегі саяси-ұлттық құрылымның ауқымды түрде ішкі өзін-өзі басқаруы.
- С) Ғаламдық және өзекті мәселелерді шешуде өзіндік жол табуға ұмтылатын жаңа қоғамдық қозғалыс.
- Д) Билік әскери адамдардың қолындшоғырланған мемлекеттік құрылыс.
- Е) Қоғамдық өмірдің барлық бағыттарында абсолюттік бақылау жүргізетін мемлекеттік құрылыс.

17. Қоғамның барлық адамдарына бір идеологияның қатысы бар саяси режимнің түрі:

- А) Авторитарлық.
- В) Тоталитарлық.
- С) Президенттік.
- Д) Парламенттік.
- Е) Жартылай президенттік.

18. Қандай мемлекеттің түріне біртұтас бюрократиялық аппарат тән болмайды:

- А) Империяға.
- В) Конфедерацияға.
- С) Федерацияға.
- Д) Унитарлық мемлекет.
- Е) Уния.

19. Бір саяси режимнен екінші саяси режимге ауысу процесі қалай аталады:

- А) Саяси трансформация.
- В) Саяси социализация.
- С) Саяси идентификация.
- Д) Саяси стратификация.
- Е) Саяси реформация.

20. Саяси сайлаудың негізгі қызметтерінің бірі – ол:

- А) Билік үшін күрес.
- В) Арнайы билік институттарының, парламенттің, үкіметтің, президенттің легитимациясы.
- С) Саяси шешімдерді қабылдау.
- Д) Дауыс беру.
- Е) Идеологиялық плюрализм.

*Тест кілттері*

1	В	11	Д
2	В	12	А
3	А	13	В
4	С	14	С
5	Д	15	Д
6	А	16	В
7	С	17	Е.
8	Б	18	Е.
9	Е.	19	С
10	В	20	А